



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

оңтайлы саясат пен бірліктің арқасы. Ендеше еліміздің Тәуелсіздік тұғыры берік болып, Еліміздің байрағы көк аспанда желбірей бергей.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Астана Ақшамы. – ақпан. 2005.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы//«Егемен Қазақстан». 2012. – 15 желтоқсан.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы//«Егемен Қазақстан». 2014. – 18 қаңтар.

АДАМ КАПИТАЛЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Ахмағанбетов Руслан Мұханбетқалиұлы

Астана қаласы

Еуразия ұлттық университеті

Журналистика және саясаттану факультеті

Саясаттану кафедрасы

2 курс магистранты

Қазақстанның ғалымдарының арасында соңғы уақытта адам капиталы мәселесі жиі талқылана бастады. Бұлай талқылануына бірнеше себептер бар. Инновациялық технологиялардың қарқынды дамуы, БҰҰ ның адам даму индексінің жыл сайынғы әлем елдеріне қатысты есебі (рейтинг) және т.б себептері бар.

Әлемдік ғылыми қоғамдастыққа тоқсаншы жылдардан бастап зерттеліп қарастырыла бастады. «Адам капиталы» идеясының тұтас концепция ретінде қалыптасуы XX-ғасырдың 60-жылдарында аяқталды. Адам капиталы теориясы әлемдік экономикадағы, өндіргіш күштер жүйесіндігі, қоғамның әлеуметтік құрылымындағы өзгерістердің политэкономиядағы көрінісі болып табылады.

Адам капиталы – әрбір тұлғаға тән білім, дағды, әрекет, ынта саналады. Оған салынатын инвестиция қатарына: білім жетілдіру, кәсіби тәжірибие арттыру, денсаулық сақтау, географиялық ұтқырлық, ақпарат іздестіру.

Адам капиталы теориясының негізін қалаушы ғалым Гэрри Беккер өз еңбегі үшін экономика саласындағы Нобель силығының иегері атанған.

Зерттеушінің алғашқы ұстанатыны – білімнен қайтатын экономикалық нәтижені бағалау саналады.

Беккер алғаш рет білімның экономикалық тиімділігіне статистикалық есеп жүргізген ғалым. Жоғары білім алғандардың өмірлік табысы, анықтауда олардың орта білім алғандардың өмірлік табысы азайтылады. Білімге кеткен шығынмен қатар (оқу ақысы, жатақхана т.б), оқу жылдарында білім алушы ала алмаған, «жіберіп алған жалақы» қоса қарастырылады. Шын мәнінде, мұндай қолға тимеген жалақы білім алушының білімге кеткен уақытының құндылығымен, білімге кеткен шығынымен өлшенеді әрі оны пайдалану жинақталаған балама қаржы болып табылады. Оқуға кеткен салымды кіріс жинағы ретінде қарастырған Беккер оның қайтарымын жылдық табыстың 12-14% деп санайды. Ғалымның білімге кеткен шығыннан қайтатын кіріс жолын есептеуі адам капиталын қоғамдағы басты интеллектуалды қор және сарқылмас инвестиция ретінде қарастырады[1,326].

Дегеніменде ғылыми қауым өкілдерінің адам капиталының теориясына, оның ұлттық байлықтың басты құрамдасы ретінде өлшеміне деген қызығушылығы мейлінше артып отыр. Дегенімен қазіргі күнге дейін адам капиталының теориясында оның мәні мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуді анықтайтын біржақты әдістемелік ұстаным жоқ. Кейбір авторлар адам капиталын шығындар жиынтығы, адамға және оның біліміне салынатын инвестициялар ретінде түсінсе, екінші біреулері оны еңбек өнімділігі мен оның төлемін арттыратын жинақталған білімдер мен кәсіби шеберлік ретінде қабылдайды.

Дүниежүзілік Банктің берген анықтамасына сәйкес «Адам капиталы – адамдардың өндіріс процесіне қатысу қабілеті, оның білімдері, тәжірбиесі, еңбек дағдылары. Адамдардың өндірістік қабілетін арттыруға ықпал ететін денсаулық сақтау, білім, техникалық білім беру және басқа да қызметтерге салынатын шығындар адам капиталына салынатын инвестиция болып табылады.»

Адам капиталы – бұл елдің индустриалды-инновациялық даму жағдайында адам инвестициясын, еңбек өнімділігін көтеруге, адам өмірінің жоғарғы сапасына жету үшін бәсекеге қабілеттілік пен ұлттық экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ететін адами ресурстардың жинақталған білгірлігі, білімі, тәжірбиесі, еңбек қабілеттілігі мен кәсіби шеберлігінің жиынтығы [2,333б].

Адам капиталы, өзге капиталдың кез келген түріне тән белгілерге ие, сонымен қатар оның елеулі айырмашылығы бар. Адам капиталы теориясы жөніндегі ресейлік жетекші маман С.А.Дятлов осы құбылыстың мынандай ерекшеліктерін көрсетеді:

1. Инвестициялардың адам капиталына қайтарымы оның иесінің өмір сүру мерзіміне (еңбекке қабілетті кезеңнің ұзақтығына) тікелей қатысты болады. Адамға жұмсалымдар неғұрлым ертерек жасалса, соғұрлым ол тезірек қайтарым жасай бастайды. Бірақ мынаны ескеру керек, неғұрлым сапалы және ұзақ мерзімді инвестициялар анағұрлым жоғары және анағұрлым ұзақ уақыттық нәтиже береді.

2. Адам капиталы тек табиғи және моральдық тозуға ғана душар болмайды, сонымен бірге ол жинақталу мен көбеюге де қабілетті. Адам капиталының тозуы, біріншіден, адам организмі мен оған тән психофизиологиялық қызметтердің табиғи тозу дәрежесімен, ал екіншіден, білімнің ескіруінің немесе алған білім құндылығының өзгеруінің салдарынан болатын моральдық (экономикалық) тозу дәрежесімен анықталады. Адам капиталының толықтырылуы қызметкердің қайта оқу және өндірістік тәжірбие жинақтау үдерісінде жүзеге асырылады. Егер осы үдеріс үздіксіз жүретін болса, онда адам капиталын пайдалану шамасына қарай оның сапа және сан жөніндегі сипаттамалары (сапа, көлем, құндылық) жақсара түседі және өседі.

3. Адам капиталының қорлану шамасына қарай оның табыстылығы белсенді еңбек қызметінің (белсенді еңбекке қабілетті жас) жоғары шегімен шектелетін белгілі бір межеге дейін жоғарылайды да, сонан соң күрт төмендейді.

4. Капиталды жасау кезінде «екі жақты көбейткіш нәтиже» орын алады. Оның мәні былай, оқу үдерісінде тек оқитын адамның ғана емес, сонымен бірге оқытушының да мінездемесі мен қабілеті жетіле, өсе түседі, ол кейіннен біріншісінің де, сондай-ақ, екіншісінің де табыстарын өсіреді.

5. Адамға жасалатын инвестициялардың барлығы бірдей адам капиталының жұмсалымдары болып таныла бермейді, тек қоғамдық мақсатқа сай және экономикалық қажеттіліктері ғана осындай жұмсалымға жатады. Мәселен, қылмыстық әрекетке байланысты шығындар адам капиталына жасалатын инвестициялар болып саналмайды, өйткені олар қоғамдық тұрғыда мақсатқа сай емес және қоғам үшін зиянды.

6. Адамға жасалатын жұмсалымдардың сипаты мен түрлері тарихи, ұлттық, мәдени ерекшеліктерден және дәстүрлерден тарайды. Мәселен, білім деңгейі мен балалардың мамандық таңдауы едәуір шамада отбасылық дәстүрлерге және олардың ата-аналарының білім деңгейіне байланысты болады.

7. Капиталдың өзге әр түрлі нысандарына жасалатын инвестициялармен салыстырғанда адам капиталына жұмсалатын инвестициялар жеке дара тұрғысынан да анағұрлым пайдалы. [3,173-1816].

Білгілі бір дәрежеде, адам капиталының зерттеуің Адам Смит, Карл Маркс еңбектерінің кездестіруімізге болады. Мәселен, А.Смиттің пікірінше, оқумен үйренген еңбек адамның сол оқуға кеткен шығындарын бірнеше есе қайтарады және қарапайым еңбекке қарағанда үстеме табыс әкеледі.

Сондай-ақ, К.Маркс адамның белгілі бір еңбек саласындағы дайындығы мен дағдысын қалыптастыру үшін белгілі бір білімнің қажеттігін, сол білімді алуға шығын жұмсалатынын атап көрсеткен. Маркс капитал ұғымын жұмысшы күшіне қатысты ерекше мағынада қолдана отырып, тікелей өндіріс үрдісі тұрғысында жұмыс уақытын үнемдеуді негізгі капитал өндірісі ретінде қарастыруға болатынын атап көрсеткен. Бұл жерде экономист негізгі капитал ретінде адамды таңдаған. Бірақ, К.Маркс көзқарастар жүйесінің негізгі идеясы адам капиталы теориясынан алшақ. Оның ойынша, жұмысшы күші-еңбектің байлығы, ал капиталға оның сатып алушысы-капиталистің қолында өзгермелі капитал формасында ауысады.

У.Боуэн, адам капиталын тауар мен қызметтерді өндіру мақсатында белгілі бір мақсат ішінде қолданылатын адам бойындағы жүре қалыптасқан білім, дағды, мотивация және энергиядан тұрады деп анықтайды.

Л.Туроу болса адам капиталына адам бойында негізінен тәрбие мен білім беру арқылы қалыптасатын саяси және әлеуметтік тұрақтылықты сыйлау сияқты қасиеттерді де қосады.

Эдвин Дж.Долан болса адам капиталын «формальды оқу, білім беру немесе іс-тәжірбие арқылы келген ақыл-ой қабілеттері түріндегі капитал» ретінде түсіндірді.

Экономикалық әдебиеттерде адам капиталының монетарлық анықтамасы да бар. М.Фридмен адам капиталын еңбекке перманентті (тұрақты, үздіксіз) табысты қамтамасыз ететін қор ретінде түсінеді. Перманентті табыс-күтілетін болашақ табыс түсімдерінің орташа шамасы. М.Фридмен адам капиталын ақшаға балама активтердің бір формасы ретінде қарастырылып, адам капиталын байлықтың жеке иелерінің ақшаға деген сұраныс теңдеуіне қосады.

Ресей экономистерінің еңбектерінде де адам капиталына әртүрлі анықтамалар беріледі. Ресейлік экономика ғылымындағы адам капиталының алғашқы анықтамаларының бірі М.Критскийдің еңбегінде берілген. Ол «адам капиталының негізінде экономикалық тұлғаның қоғамдық прогресс және интеллектуалды іс-әрекетінің жаңа күші ретіндегі қозғалысы жатыр», -деп есептейді.

Оның еңбегінде адам капиталы қазіргі заманғы қоғамның негізгі қоғамдық қатынасы ретінде қарастырылады. М.Критский адам капиталының өндірістік, тұтынушылық және интеллектуалды адам капиталы түріндегі формальды түр өзгерістерін және өзгерген формаларын терең зерттей келе, адам капиталының алушы және өндіруші шаруашылық дәуіріне адекватты формаларды сіңірген тіршіліктің жалпылама-нақты формасы ретінде көрінетіндігін атап көрсетеді. Осыдан, М.Критский, «адам капиталы- адамдардың өмірі ретінде жүзеге асатын, олардың тіршілігінің өздігінен баюы»-деген қорытынды жасайды.

Посткеңестік экономика ғылымындағы адам капиталы теориясының ірі зерттеушілерінің бірі С.Дятлов адам капиталын «инвестиция нәтижесінде қалыптасатын, қоғамдық ұдайы өндірістің кез-келген сферасында мақсатты пайдаланатын, еңбек өнімділігін және өндірістің тиімділігін арттыратын, осы арқылы адамның табысын өсіретін адам бойында жинақталған (қорланған) денсаулық, білім, дағды, қабілеттер, мотивация қоры».

Отандық экономика ғылымында адам капиталы теориясы бойынша зерттеулер енді қолға алынып келеді, олар көбіне фрагментарлы түрде кездеседі. Отандық экономистерден академик Я.Ә.Әубәкіровтың, К.Н.Нәрібаевтың, С.К.Жұмамбаевтың көзқарастарына тоқталған жөн.

Академик Я.Ә.Әубәкіров адам капиталын әртүрлі ғалымдардың барлық жетістіктерін, білімді, дағдыны, жинақталған тәжірбиені және олардың әлеуметтік экономикалық прогресте

қолданылуын біріктіретін кең масштабты ұғым ретінде түсінеді. Оның пікірінше, адам капиталы білім беру және ғылым салаларына, денсаулық сақтауға, білікті мамандарды ұдайы өндіруе мақсатты бағытталған инвестициялар нәтижесінде қалыптасады және ұлғаяды. Академик Я.Ә.Әубәкіров адам капиталын қоғамдық еңбек өнімділігінің артуын қамтамасыз ететін шешуші күш ретінде қарастырады.

Адам капиталының зерттеушілер басында негізінен экономистер болды. Алайда уақыт өте бұл сала тек экономистердің ғана емес, басқа да ғылымдар зерттеу арқылы пән аралық мәселеге айналды. Қазіргі таңда адам капиталын Экономика ғылымынан бөлек, Саясаттану, Әлеуметтану, Құқықтану, Психология және Педагогика ғылымдары қарастырады. Сонымен бірге бір қатар жаратылыстану ғылымдарының да ғылыми зертеу объектісіне айналды.

Адам капиталының теориялық және әдістемелік зерттелулеріне тоқталдық. Ал енді осының қоғамды дамытудағы нақты көрсеткіштеріне тоқталып және де Қазақстандағы ахуалына қарастырып кетсек.

Әлемдік банктің есебі бойынша, АҚШ-тағы ұлттық байлықтың ішінде барлық өндіріс қорының (ғимараттар мен жылжымайтын мүлік, машина мен құрал-жабдықтар) үлесі –19, табиғи ресурстар – 5, ал адам капиталы – 76%. Батыс Еуропадағы сондай көрсеткіштер – 23, 2 және 74; Ресейде – 10, 40 және 30%. Ал, біздің елдегі адам капиталының үлесі 10-12%. Сондықтан бізге «Қазақстан-2050» Стратегиясын іске асыру үшін адам капиталы үлесін 6 еседен астам өсіру міндеті тұр[4].

Адам капиталының 1% өсуі еңбек өнімділігін 3,81%-ға өсіретіндіктен соңғы 20-25 жылда әлемдік экономика негізінен осы адам ресурсы есебінен дамуда. Әлемдік банктің 192 елде жүргізген зерттеулері өтпелі экономикалық елдері өсуінің тек 16% ғана физикалық капиталға (құрал-сайман, ғимараттар және өндіріс инфрақұрылымы), 20%-ы табиғи капитал, қалған 64%-ы әлеуметтік және адам капиталымен байланысты екенін дәлелдеді. Дамыған елдердегі жалпы ұлттық өнімнің 40 пайызы тиімді білім жүйесін дамытудың қорытындысы.

БҰҰ-ның Даму бағдарламасының дерегі бойынша Еуропаның экономикасы дамыған елдеріндегі денсаулық пен білімге жұмсалатын қаржы ЖӨ-нің 8,1% және 8,5%-ін құрайды. Еуропа елдеріндегі денсаулыққа бөлінетін орташа қаржы АҚШ-пен (6,5%) шамалас 6,44%-ға тең. Әлемде денсаулыққа орташа 5,5% (Қазақстанда 2,5%) бөлінеді. АҚШ, Жапония, Швейцариядағы жалпы капиталдың 75-80% адам капиталының үлесінде. Қазіргі кезде дамыған елдердегі экономикадағы белсенді азаматтардың 50%-ы, АҚШ тұрғындарының үштен екісі ой еңбегімен айналысады[4].

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде мемлекеттік тілді қоғамның барлық саласына таратып, оның негізінде білім, ғылым... экономика мен мәдениетті дамыту – ол елдегі адам капиталын дамытудың негізгі факторы және Қазақстан даму стратегиясының даңғыл жолы болмақ. Оны әлемдегі ұлы реформалар мен дамыған және жақсы қарқынмен дамушы Шығыстың (Жапония, Оңт. Корея, Малайзия, ҚХР т.б.) және Батыстың (Франция, Алмания, Англия т.б.) елдерінің тұрғылығы халықтың тілі, мәдениеті және дәстүрі негізінде дамуы, және ол ел дамуындағы жетістіктердің негізгі факторы екенін көрсетеді[4].

Мемлекеттің капиталы, бірінші, табиғи ресурстар (кен орындары); екінші, жылжитын және жылжымайтын мүлік (зауыттар, ғимараттар, автомобиль т.б.); үшінші, адам капиталынан тұрады.

Әлемдік банктің Қазақстанда жүргізген зерттеулері бойынша мұнай-газ, машина жасау, металл өңдеу салаларында жұмыс берушілер жұмысшылардың жетіспейтіндігін және осы салаларда істейтіндердің 60%-ның кәсіби деңгейінің төмендігі өндіріс пен кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіретінін айтады[4].

Сарапшылардың пайымдауы бойынша адам капиталының 1% өсуі еңбек өнімділігін 3,81%-ға өсіреді. 192 елде зерттеу жүргізген Әлемдік банк өтпелі экономикалық елдері өсуінің тек 16% ғана физикалық капиталға (құрал-сайман, ғимараттар және өндіріс инфрақұрылымы), 20% — табиғи капитал, қалған 64% әлеуметтік және адам капиталымен байланысты. Дамыған елдер жалпы ұлттық өнімнің 40% тиімді білім жүйесін дамытудың қорытындысы.

Адам капиталының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мен оның жүзеге асырылуын екіжақты процесс ретінде қарастыру қажет. Бір жағынан, елдің әлеуметтік-экономикалық қазіргі даму кезеңінде білімдер, ғылыми жетістіктер түрінде жинақталған құндылықтар – қолда бар адами капиталды тиімді қолдану болса, екінші жағынан, бәсекеге қабілетті адам капиталын жаңа сапалы негізде қалыптастыру және жасау болып табылады. Бір мезгілде жаңа сапалы жұмыс орындарын ашу арқылы жоғарғы технологиялы инновациялық экономиканы қалыптастыру керек.

Қазіргі кезеңде адам капиталының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің негізгі бағыттары:

✓ Көрсетілген медициналық қызметтердің айқындығы мен қолжетімділігін арттыру үшін Біріңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесін құру негізінде денсаулық сақтауды жедел реформалау;

✓ Адам капиталының бәсекеге қабілеттілігін және қажеттілігін, экономиканың жетекші секторларында еңбек өнімділігін өсіру мақсатында оның тиімді пайдалануын арттыру үшін білім және ғылым, кадрларды кәсіби дайындау және қайта дайындау жүйесін реформалау;

✓ Адам капиталын оның қажеттілігін арттыру негізінде, кадрларды «өмір бойы» оқыту және кәсіби дайындау арқылы еңбекпен қамту әлеуетін тиімді жүзеге асыру, сол сияқты өндірісті жаңарту және әртараптандыру нәтижесінде тұрақты жаңа жұмыс орындарын ашу;

Әрине, адам капиталы елімізде оны дамыту, зерттеу мәселелері өзекті болып тұр. Елімізде осы салада аса ауқымды зерттеулер болмасада, бір қатар ғалымдар өз ойларын қоғам назарына ұсынып жатыр. Отандық зерттеушілер президент жанынан адам капиталын зерттейтін арнайы комиссия құрылу керек деген пікірлерде айтылуда. Сонымен бірге, қазіргі кезде «Интеллектуалды ұлт - 2020» бағдарламасы жұмыс жасап жатыр. Бұл сала зерттелуімен, мән берілуі кештеу болып қалды. Адам капиталын зертеулі белгілі бір бағдарламаның аясында қарастып қоюға болмайды. Адам капиталын дамыту үшін оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету де тиісті ведомстволардың, ең алдымен ҚР Еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау министрлігі, ҚР мәдениет және ақпарат министрлігі, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі және ҚР индустрия және жаңа технологиялар министрліктерінің өзара тығыз байланыста қызмет атқарғаны маңызды.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Сұлтанбаева Г.С., Құлсариева А.Т., Жұмашова Ж.А. **Интеллектуалды әлеуеттен – интеллектуалды ұлтқа. Ұжымдық монография.** – Алматы: ИП Волкова Н.А., 2012. -213 бет.
- 2.Глазьев С.Ю., Арменский А.Е., Наумов Е.А./ **-XXI ғасырдығы технологиялық жаңғыру.** – Алматы: Елорда,2011- 400
- 3.Мамыров Н.К., Акчуры Ф. **Человеческое развитие в Казакстане.** Алматы, экономика, 2003,173-181с.;
- 4.**Адам капиталы қоғамды бастаушы күн** // Жанұзақ ӘКІМ, биология ғылымдарының кандидаты,Ғалымбек ӘКІМОВ, экономика магистрі. Егемен Қазақстан газеті сайтынан

ӘОЖ 32.321

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫНДАҒЫ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК АЛҒЫШАРТТАР

Ахмет Бекзатхан Жанатұлы
bek_akhmet@mail.ru

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің магистранты,
мамандығы – саясаттану (6М050200), Қарағанды, Қазақстан